Бекітемін:
29 «Ай-Керім» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
Қ.К Сейдалиева

***Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеті***

# *Тақырыбы: «Кел ойнаймыз,бәріміз!»*



***«Балбөбек » ерте жас тобы***
***03.02.2023ж***

*Тәрбиеші: Жанзакова .Ә*

*Шымкент 2023*

Scanned by TapScanner

***Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеті .***

**Тобы: «Балбөбек» ерте жас тобы**

-Физикалық дамыту;

-Коммуникативтік дағдыларды дамыту;

-Шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту;

Өтілетін күні: 03.02.2023ж

**Тақырыбы: « Кел ойнаймыз бәріміз.**

**Мақсаты:** Балаларға ойындардың шартын түсіндіре отырып қызыға ойнауға жағдай жасау . Түстерді ажырата отырып орналастыра білуге дағдыландыру. Жануарлардың не жейтінін меңгерте отырып тағаммен жануарларды сәйкестендіре білуге үйрету. Қимылды ойынды ойната отырып жүгіруге жылждамдыққа жаттықтыру.

**Міндеті**: Балалардың ойлау,есте сақтау қабілетін дамытуды жалғастыру.көңіл-күйлерін көтеріп,ойынға деген қызығушылығын арттыру.

**Көрнекіліктер:**суреттер, ойындар таратпа құралдар

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Балалар қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы қозғаушы. | Жарқырайды күніміз<br>Жарқырайды даламыз<br>Қайырлы таң балалар<br>Қайырлы таң қонақтар. | Балалар тыңдап отырады<br>Тәрбиешімен қосылып айтады. |
| Ұйымдастырушы ізденушілік | -Балалар мына дыбыстарды естиікші<br>Көңілді музыка ырғағымен Аю кіреді<br>-Ой балалар бізге қонақтар келген секілді ғой<br>-Сәлеметсіңдер ма балалар.<br>Мен орманнан адасып сендердің дауыстарыңды естіп осында келіп қалдым<br>Және сендерге ойындар ала келдім<br>Менімен ойындар ойнайсыңдар ма?<br>. | Бастарын еңкейтіп көңіл күйлерін білдіріп отырады.<br><br>-Ия ойнаймыз |

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | **Ойын: «Қай жануар не жейді?»**<br><br>Шарты: Жануарлардың қандай тағамды жақсы көретінін сүйікті тағамын тауып жануар мен тағамын сәйкестендіріп қою<br><br>-Жарайсыңдар балалар Сендер өте жақсы ойнайды екенсіңдер.<br><br>Тәрбиеші:-Аюжан сен біздің балалармен қалсаң жақсы болар еді<br>Біздің балалар өте ақылды да көңілді.<br><br>Аю:Ой жақсы болды ғой<br>Менің қолымдағы жұлдызқұртымның достарын таппай жүр едім мүмкін осы балалар көмектесіп достарын тауып берер.<br>-Әрине біздің балалар өте ақылды<br>**Ойын:« Жұлдызқұртқа доп жинап берейік»**<br><br>**Шарты:** Жұлдызқұртқа доптарды жинап үстіне жабыстырып беру керек тағамын аузына салады.<br><br>**Сергіту сәті:**<br>**аюмен билейді**<br><br>**Қорбаңдаған аюдың**<br>**Құлпынайы көп екен**<br>**Теріп теріп алайық**<br>**Қалтамызға салайық**<br>**Қалтамызға симаса**<br>**Аузымызға салайық** | Аюдың бейнесінің қасына балды қояды Қоянның қасына сәбізін қояды<br><br>Сұрақтарға жауап береді<br><br>Ойындарды қызыға ойнайды<br><br>Аюмен бірге би билейді |

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Музыка ырғағымен аюмен бірге билейді.<br>Аю:<br>-Балалар менің қарным ашты мазам қашты<br><br>Тәрбиеші: Балалар аюдың қарны ашыпты келіңдер омартадағы бал араларына тиіспей аюдың балын әкеліп берейікші.<br>Ол үшін мына жердегі аралардың арасынан абайлап өтіп балға жету керекпіз<br><br>**Ойын: «Омартадағы бал»**<br>Шарты: Araларға тиіп кетпей аралардың ортасынан өтіп омартаға бару керек.Ол жердегі балды аюға әкеліп беру керек.<br><br>-Жарайсыңдар балалар сендер бал арасына таланбай омартаға барып балды аюға әкеліп бердіңдер .Аю сендерге риза болып рахметін айтып жатыр.<br><br>Тәрбиеші: Ой Балалар мына жерде балдың артында тағы бір нәрсенің дыбысы естіледі ғой тыңдайықшы<br><br>Балалардың барлығы дыбысқа таңдана қарайды<br>-Ненің дыбысы екен?<br>Дұрыс айтасыңдар бұл жануарлардың дыбысы екен Көрейікші олар неге дыбыстап жатыр екен<br>-Ой ,Балалар жануарларды аралар байлап тастаған екен ғой Келіңдер оларға көмектесейікші Ол Үшін орнымызға жайғасып алайықта жануарлар байланған жіптерді алып тастайық.<br>Ал Іске сәт ! | Аю секілді қорбаңдап Қоян секілді секіріп алады.<br><br>Аюға таңдана қарайды<br><br>Araларға тиіп кетпей омартаға барады<br>Көңілді ойындар ойнайды.<br><br>Дыбысқа таңдана қарайды<br><br>Аңдардың дыбысы шығады |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексифті - түзетушілік | **Ойын:**<br>**«Байланған жануарларды жіптерінен шешіп ал»**<br>Мақсаты : ұсақ қол маторикасын дамыту.жылдамдыққа ептілікке үйрету<br>Шарты: Жануарлар байланған жіптерді шешу<br><br>-Жарайсыңдар қошақандарым. Сендер жануарларға жақсы көмектестіңдер жасырдыңдар<br><br>**Сол кезде барлық аңдардың дыбыстары бірге шығады.**<br>**Қорытынды**<br>Тәрбиеші: Балалар, бүгінгі ойындар сендерге ұнады ма?<br><br>-Қандай жануарларымен таныстық?<br><br>-Қоян не жейді екен ?<br><br>Аюмен ойнаған ұнады ма?<br><br>Мысық қандай тағамды жақсы көреді екен? | Байланған жануарларды жіптерінен шешеді<br><br>Бірлесе жауап береді |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білуі тиіс:** жануарларының аттарын білу.

**Меңгеруі тиіс:** Әр жануардың өзіне тән дыбыстары барын меңгерді

**Үйренуі тиіс:** Тақырыпқа сай тақпақтар ойындар үйренді

Scanned by TapScanner